

## Мамандық таңдауға әсер ететін факторлар

**АБДИКАДИРОВ ЕЛУБАЙ БИЖУМАЕВИЧ**

*Қызылорда облысы. Жалағаш ауданы*

*№ 33 орта мектебінің бейінді оқыту жөніндегі орынбасары*

Көк жүзіне алаулы,  
Міндет емес ай болу.  
Ең бастысы қалаулы,  
Кәсібіңе сай болу!

«Есейгенде кім болғың келеді?» – бұл үлкендер өз балаларына қоятын ең танымал сұрақ. Бірақ, бұл сұраққа бала дұрыс жауап бере алады ма? Ол әр түрлі жауап болуы мүмкін. Себебі, баланың болашақ кәсібін дұрыс таңдауы өте күрделі мәселелердің бірі. Кәсіби болашағыңды дұрыс таңдау қоғамдағы өз орныңды танудың негізі. Адамның жақсы, өмірлік табысқа жетуіне әсер ететін ең бір маңызды шешімдердің бірі болып табылады.

Адам асқақ арманға, биік мақсатқа ұмтылады. Осындай кезде ұлы Абай атамның «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан» деген сөзі еске түседі. Сондықтан да балаларымыздың қоғамның бір кетігіне кірпіш болып қаланып, өмірде өз орындарын табуларына дұрыс бағыт беру әрбір ата-ананың көп парыздарының бірі екендігін естен шығармауымыз керек сияқты. Себебі, мамандық таңдауда көбінесе ата-аналарының да ықпалы зор. Мамандық таңдау да-адам өміріндегі ең маңызды қадамдардың бірі. Себебі, адам тағдырының бір бөлігі таңдаған мамандығымен ұштасып жатады.

Әр мамандық өзінше тартымды, өзінше ерекше, қажетті болып саналады. Бірақ сол мамандықтардың ішінен жастардың өзіне сай мамандықты дұрыс таңдауына ықпал ететін отбасы мен мектеп мамандары да өздерінің ақыл-кеңесін ортаға салып, балаларды дұрыс бағыттап, тура жолға салып жіберсе, нұр үстіне нұр болар еді. Ал, мамандық таңдау дегеніміз не? Осы сұраққа жан-жақты жауаптар беруге болады.

Мамандық таңдау-белгілі бір даярлықты қажет ететін іс-әрекет түрі, тіршілік көзі, дағды жүйесі және жасөспірімдік кезеңде қабыданатын жауапты шешімдердің біреуі.

Мамандық таңдау деген өзің айналысқың келетін жұмысты таңдау ғана емес, өзің араласқың келетін ортаны да таңдау. Қазақ "Адам екі түрлі жағдайда қателеспеу керек: бірі - жар таңдағанда, екіншісі - мамандық таңдағанда" деп бекер айтпаса керек.

Мамандық таңдау-әркімнің өз жүрек қалауы. Жүрек қалауымен таңдалған мамандық биік шыңдарға жетелері анық.

Өйткені, әрбір адамның болашағы таңдаған мамандығына тікелей байланысты. Өз ісін жақсы көріп, үлкен жауапкершілікпен атқарғанда ғана бақытты болады. Ал жүрегі қаламаған мамандық иелері көп қиындықтарға кездеседі.

Жұмыс пен оның аясындағы тіршіліктің барлығы адам ғұмырының тең жартысын алады екен! Адамның өз мамандығына қаншалықты қанағаттану мен өз өміріне қаншалықты риза екендігінің арасында тікелей байланыс бар. Бір жағынан, кәсіп таңдау- болашаққа үңілу болса, екінші жағынан, ол – өзіңнің ішкі жан-дүниенің үңілу. Дұрыс таңдалмаған мамандықтың жағымсыз тұстары тек адамның өзіне ғана емес, бүкіл қоғамға кері әсерін тигізеді.

Мамандық таңдауға әсер ететін факторлар:

- 1) Ата-ананың қалауы бойынша;
- 2) Досымен бірге мамандық таңдау;
- 3) «Қайда алса сонда барам» қағидасы;
- 4) Табысы жоғары жұмыс;
- 5) Оқудың немесе жұмыстың беделді болуы.

Дұрыс таңдау жасау үшін келесі факторларды ескеру керек:

1 фактор – «Мен қалаймын» - бала қандай мамандықты қалайтынын анықтау, өмір бойы осы іспен айналысуға дайындығын сұрау, өзінің бойындағы қабілеттерін бағалауға көмектесу.

2 фактор – «Қолымнан келеді» - баланы таңдаған мамандықтың талаптарымен таныстыру. Мектепте алған білімін, білігін және өзінің қабілетін, бейімділігін айқындауға көмектесіп, таңдаған мамандықта оларды қалай қолдануға болатыны жайлы әңгімелеу.

3 фактор - «Қажет» - бүгінгі күнде ол мамандықтың сұранысы қаншалықты қажет екенін анықтау керек.

Мамандық таңдаудың мынадай ережелерін есте сақтаған жөн:

Барынша көптеген мамандықтарды зерттеу керек және тіршілік еткен аймақта қандай мамандықтар керектігін анықтау қажет;

Өзін-өзі зерттеу маңызды (қызығулар, мінез ерекшеліктері, бейімділіктер, өзін-өзі бағалау, талаптану деңгейі);

Өзіне ұнамды және ыңғайлы мамандықты таңдауы тиіс;

Таңдаған мамандықты зерттеу;

Таңдаған мамандық бойынша өз күшін байқап көру

Мамандық таңдай отырып алдымен баланың қызығушылығына, қабілетіне, бейімділігіне, қалауына қарау керек, содан кейін барып жанұялық салтпен санасуға болады. Мамандықты саналы таңдауда адамның қабілеттілігінің қалыптасуының да үлкен маңызы бар.

Қабілеттілік деп – жеке адамның барлық ерекшелігі емес, тек қана қандайда болмасын бір немесе бірнеше қызметті табысты орындай алатын ерекшелігін айтады. Ол адамның психологиялық санасының қалыптасуына байланысты. Олар: қабілеттілік, қызығушылық, бағыттың құндылығы, кәсіптік жоспар, идеялы, сенімі, т.б.

Қабілеттілік дегеніміз белгілі қызметтің әдіс-тәсілдерін игерудегі тездік, тереңдік және икемділік болып есептеледі.

Сондықтан мамандық таңдауда қабілеттілік есепке алынады. Мысалы, адамның абстракты ойлау жүйесі күшті дамыған болғанмен практикалық істе қабілетсіз болуы мүмкін немесе өте жақсы білгенмен ұйымдастыруды нашар атқаруы мүмкін. Сондықтан баланың оқудағы, еңбектегі, ойындағы қабілеттілігін біртұтас қарастыру қажет те, солай дамыту нәтижелі болмақ.

Қабілеттен кейін баланың қызығушылығын білу керек, себебі белгілі бір іске қызығушылығы болмаса, өз қабілетін шыңдай алмайды дейді мамандар (видеожурнал «Говорить эксперт»)

Балаңыздың мамандық таңдауына көмектескіңіз келсе психолог мамандар мынадай кеңестер береді:

Балаңыздың болашақ мамандығын өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз.

Оның таңдаған мамандығына деген қарсылық пен қолдауды бірге отырып талқылаңыз. Мамандық тандар кезде тек материалдық пайданы ғана ойламай, балаңыздың рухани қанағаттануын да естен шығармаңыз.

Болашақ мамандық тандар кезде балаңыздың сол кәсіпке деген жарамдылығын да байқаңыз. Егер мамандық таңдау барысында қарамақайшылық туындап жатса, кеңесші мамандармен ақылдасыңыз.

Мамандық таңдауда балаңызды қыспалай бермеңіз, әйтпесе бұл жанжалға әкеп соқтыруы мүмкін. Балаңыздың арманы орындалу үшін оған барынша қолдау көрсетуге тырысыңыз.

Егер балаңыз мамандық таңдауда қателескен болса, ол үшін кінәламаңыз, оны жөндеуге болады. Егер балаңыз қандай да бір мамандыққа ертеден әуестене бастаса, оған үйірмелер, әдебиеттер, әр түрлі сабақтардың көмегімен осы қызығушылығын сақтауға мүмкіншілік беріңіз.

Балалар өз ата-аналарының мамандығына қатысты маман таңдауы да мүмкін екенін есіңізге алыңыз.

**Ойын тактикасы. (Футбол)**

**КАЙЫРБЕКОВА МЕРУЕРТ КАЗЫБЕКОВНА**

*Қызылорда қаласы № 39 "Қызылөзек" орта мектебінің  
дене шынықтыру пәні мұғалімі*


	<b>Мектебі:</b>
<b>Күні:</b>	<b>Мұғалімі:</b>
<b>Сынып:</b> 8-сынып	<b>Қатысқаны:</b> <b>Қатыспағаны:</b>
<b>Сабақтың тақырыбы:</b>	<b>Ойын тактикасы. (Футбол)</b>
<b>Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаты</b>	8.1.2.2. Кең ауқымдағы қимыл-қозғалыс комбинацияларын және олардың орындалу реттілігін түсіндіру және көрсете білу.
<b>Сабақ мақсаттары</b>	<b>Барлық оқушылар:</b> Футбол ойынына қатысты қозғалыс жаттығуын орындай алады.
	<b>Оқушылардың басым бөлігі:</b> Доппен қимылдау, ойын тактикасындағы әдіс-тәсілдерді біледі.
	<b>Кейбір оқушылар:</b> Кең ауқымдағы қимыл-қозғалыс комбинацияларын түсінеді, допты топ мүшелеріне оңай беріп, қақпаға дәл соға алады.
<b>Бағалау критерийі</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Кең ауқымдағы қимыл-қозғалыс комбинацияларын біледі.</li> <li>2. Олардың орындалу реттілігін айтып және көрсете алады.</li> <li>3. Футбол ойнау барысында ойын тактикасын орындай алады.</li> </ol>
<b>Құндылықтарды дамыту</b>	Бір-біріне құрмет көрсетуіне, пікірін тыңдап, сын тұрғысынан ойлауға, жауапкершілікке тәрбиелеу

<b>Пәнаралық байланыстар</b>	физика, математика, биология	
<b>АКТ қолдану дағдылары</b>	Видео, интербелсенді тақта, музыка, слайд.	
<b>Тілдік мақсат</b>	<b>Оқушылар орындай алады:</b> Оқушылар футбол элементтерін жақсы меңгереді.	
	<ul style="list-style-type: none"> <li>• <b>Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:</b> допты қосу, қызыл қағаз, төреші, аут, шабуылдаушы, қақпашы, қорғаушы, қосымша уақыт</li> </ul>	
	<b>Талқылауға арналған сұрақтар:</b>	
	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қандай атақты футбол ойыншыларын білесің?</li> <li>• Футболды қанша ойыншы ойнайды?</li> <li>• Қандай футбол ережелерін білесің?</li> </ul>	
<b>Не себепті .....деп ойлайсыз?</b>		
Не себепті айып добы болады ?		
Не себепті бұрыштама добы беріледі?		
<b>Сабақтың барысы</b>		
<b>Сабақтың жоспарланған кезеңдері</b>	<b>Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>Сабақтың басы 10 минут</b>	Сапта тұру, сәлемдесу, кезекшінің баяндамасы және қауіпсіздік ережесімен сабаққа дайындығын қадағалау. Саптық жаттығулары: түзулен, тіктел , оң-ға, сол-ға, ай-нал, адым-да, т.с.с. Арнайы жүру, жүгіру жаттығулары. Жалпы денені дамытуға арналған жаттығуларын орындату.	Сұрақтар
<b>Сабақтың ортасы</b>	Сабақтың тақырыбын, мақсатын хабарлау. Футбол ойынындағы қауіпсіздік	

<p><b>25 минут</b></p>	<p>ережесімен сабаққа дайындығын ескерту.</p> <p>Белсенді оқу әдістер бойынша <b>Жарыс сабағы</b> ұйымдастырып оқушыларға футбол ойынының негізгі тәсілдерді таныстырамын.</p> <p>Футбол ойыны жайлы сұрақтар қою, осы сұрақтар арқылы жарыс ұйымдастырамын.</p> <p><b>Жаңа сабақ.</b> Кең ауқымдағы қимыл-қозғалыс комбинацияларын және олардың орындалу реттілігін түсіндіру және көрсете білу.</p> <p><b>Футбол ойыны.</b> Футбол- ол ұжымдық ойын. Сондықтан әрбір ойыншы өзінің индивидуалдық қадамын ұжымдық және командалық тактикаға келістіре білуі қажет. Негізгі тактикасы қарсыластар қақпасына допты көп салу және оларға гол салғызбау. Тактика команданың доп жүргізу мәнін және әр бір ойыншы нақты міндетін белгілейді. Мақсатпен құрылған тактика ойланған нәтижеге жеткізеді, ал мақсатсыз тактика оған жеткізбейді, тактикалық қимыл ол доп алып жүру, пас, алдау, допты қабылдау, түсініп ойнау ж.т.б.</p> <p><b>Диалог сабағы</b> бойынша;</p> <p>-Футбол ойынында тактика мен техниканы қалай түсінесің?</p> <p>-Футбол ойынының басқа ойындардан айырмашылығы неде?</p> <p>- Қандай шабуыл тәсілдерін білесіндер?</p>	<p>Ысқырық</p> <p>Спорт алаңы</p> <p>Уақыт өлшегіш</p> <p>Аяқ добы</p> <p>Футбол добы</p>
------------------------	---	---

**Қ. б арналған тапсырма**

Жұптық жұмыс доппен жұмыс жасаңыздар. Яғни, біріңіз қорғаушы, біріңіз шабуылшы қызметін атқарыңыздар. Топтық жұмыс кезінде, командалық іс-әрекеттер, тактикалық іс-әрекеттер, комбинациялар көрсетулеріңіз қажет. Шабуыл түрлерін, қорғаушының қимыл іс-әрекетін, допты аяқпен, баспен қақпаға тебу, комбинациялар көрсетулеріңіз қажет.



Сұрақтар

Ысқырық

Спорт алаңы

	 <p>Уақыт өлшегіш</p> <p><b>Дескриптор: Білім алушы</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>-жұпта бірлесе жұмыс жасайды;</li> <li>-топта командамен қимыл іс-әрекеттерді орындап жаттығады;</li> <li>-командада стратегиялық әдіс-тәсілдерді қолданып, белсенді жұмыс жасайды;</li> <li>-ойын ережесін толық түсіндіреді;</li> <li>-топта бірлесіп жұмыс жасайды.</li> <li>-футбол спорттық ойынының қауіпсіздік техникасын сақтайды;</li> <li>-доппен жұмыс жасайды.</li> </ul>	<p>Аяқ добы</p> <p>Футбол добы</p>
<p><b>Сабақтың соңы</b></p> <p><b>5 мин</b></p>	<p>Кең ауқымдағы қимыл-қозғалыс комбинацияларын және олардың орындалу реттілігін түсіндіріп, сабақты қорытындылау.</p> <p>Кері байланыс: Бүгінгі сабақта болған көңіл – күйді смайлик арқылы бағалаймын.</p>	<p>Стикер, смайлик</p>



	БББ кестесін пайдаланамын Білемін Білдім Білгім келеді	
<b>Қосымша ақпарат</b>		
<b>Саралау-оқушыға мейлінше қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілетті оқушыларға тапсырманы қалай түрлендіресіз?</b>	<b>Бағалау-оқушы білімін тексеруді қалай жоспарлайсыз?</b>	<b>Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы</b>
<p>Тапсырмалар бойынша саралаймын.</p> <p>1. Футбол ойынды дамыту</p> <p>2. Футбол ойынды дамытусұрақтар қоямын. Уақытты ұтымды пайдалануды есепке ала отырып, футбол ойынды кезінде оқушының мүмкіндігін ескеріп деңгейлік жаттығулармен жүктеймін. Футбол ойындарының ерекшелігі туралы сұрақтар беріледі.</p> <p>Сәл әлсіз оқушыларға көмектесу үшін жеңілдетілген тапсырмаларды беремін.</p>	<p>смайлик бойынша бағалаймын</p> <p>Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру мақсатында мақтау сөздерді көп айтамын..</p>	<p>Ойын кезінде доптарды жинап қойылу ережелерін сақтау.</p>

## Ағылшын тілін оқытуда интерактивті әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану

**КАЛИЕВА АРМАН ТОХАНОВНА**

*Жамбыл облысы Жуалы ауданы  
«№2 Мыңбұлақ орта мектебі» КММ  
ағылшын тілі пәнінің мұғалімі*

Ағылшын тілін үйретудегі әдіс-тәсілдерді түрлендіру арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру, сабақта алынған материалды бекіту, соның нәтижесінде балалардың ауыз – екі сөйлеу мәдениетін қалыптастыру. Қазіргі таңда қоғамда болып жатқан өзгерістерге байланысты қоғам шығармашыл әрекет пен шығармашыл тұлғаға мұқтаж екенін күнделікті өмірдің өзі дәлелдеуде, осыған орай бүгінгі күні білім беру мекемелері мен ұстаздарға үлкен талап қойылуда. Ағылшын тілін оқытудың басты мақсаты – шынайы өмірде оқушылардың ағылшын тілінде қарым-қатынас жасай алу негіздерін қалыптастыру болып табылады.

Ағылшын тілін оқытудың тарихы жүз жылдап есептелінеді. Орта мектепте ағылшын тілін оқытудың тарихы 1947 жылдан басталады. Содан бері қарай көптеген өзгерістер енгізілді. ХХІ ғасыр табалдырығын білім мен ғылымды инновациялық технология бағытымен дамыту мақсатымен аттауымыз үлкен үміттің басты нышаны болып табылады. Жаңаша көзқарастардың дамуы шетел тілін оқыту, дамытуға ықпалын тигізуде.

Білім алушылардың жан-жақты дамуына, сапалы білім алуына, өмірде жақсы көрсеткіштерге қол жеткізуінде ағылшын тілін жақсы меңгеруінің маңызы үлкен. Осыған орай қазіргі заманға сай ағылшын тілін тиімді үйретуге мүмкіндік беретін көптеген әдістер пайда болды. Сондықтан, әр мұғалім өзінің шығармашылығын дамыта отырып озық іс-тәжірибелерді пайдалана білуі тиіс. Сонымен, еліміздің мектептерінің оқу үрдісі түбегейлі өзгеріп оқытудың жаңа түрлері, әдістері, жаңа бағыттағы инновациялық педагогикалық технологиялар пайда болып, олар білім мазмұнының толығымен жаңаруына себепші болуда.

Жеке тұлғалардың қалыптасуын қамтамасыз ететін деңгейлеп, саралап оқыту, жобалап оқыту, коммуникативті оқыту, ақпаратты-коммуникациялы оқытудың негізгі-қағидалары балаға өз бетімен ықпал ету, өзіндік пікірлерін анық жүйелі жеткізе алатын жеке тұлға қалыптастыру, оқушылардың, танымдық, шығармашылық қабілетін дамыту болып табылады. Оқытудың мақсаты оқу бағдарламасымен айқындалады.

Оқытудың негізгі үш түрі бар: 1. тәрбиелеу, 2. ағарту, 3. дамыту.

Оқытудың тәрбиелік мақсаты. Оқушылардың көпшілігінің ағылшын тілін оқуға деген үлкен қызығушылықпен кірісуі, олардың ағылшын тілінде қалай сөйлейтінін естігісі және сөйлегісі келеді. Олар алғашқы кезде амандасып, қоштасып үйренеді, заттардың атауларын біле бастайды. Осы кезеңде қарым-қатынас екі жақты болуды талап етеді себебі, олар тыңдай білуге де, сұрай білуге де үйретілуі керек.

Оқытудың ағартушылық мақсаты. Кез - келген тілдің ағартушылық қызметі зор. Әрбір тіл сол тілде сөйлейтін халықтың мәдениетінің тікелей көрсеткіші және сол тілде сөйлейтін ел туралы хабардар болуы; өз ойын дұрыс жеткізе алуды үйренеді. Оқытудың дамыту мақсаты- оқушының тіл білімі деңгейін жоғарылату және сол тілде ойлауды дамыту-тіл білімін дамытудың басты міндеті.

Қазір білім саласында оқытудың жаңа технологиясы кеңінен қолданылуда. «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай жаңа білім беру өте – мөте қажет» деп, ел Президенті атап көрсеткендей, электронды оқыту әдіс – тәсілдерін мектеп өміріне енгізу – жаңа білім берудің бірден – бір шарты. Оқыту технологиясы – бұл, бір жағынан, оқу – ақпаратын дайындау, өңдеу, әдіс - тәсілдерінің жиынтығы, екінші жағынан, ұстаздың шәкіртіне оқыту үрдісінде қажетті технологиялық және ақпараттандыру құралдарын пайдалана отырып ықпал ету тәсілдері.

Оқытудың мазмұны мен оқыту әдістері өзара тығыз байланыста болу керек. Ұстаздың педагогтік шеберлігі оның керекті мазмұнды, бағдарламадағы материалды іріктей алуымен және оны оқытудың озық әдістерін пайдалана отырып қолданумен белгіленеді. Оқыту технологиясы дегеніміз- оқыту техникасы туралы ғылым, сондықтан, оқыту ғылыми түрінде жүзеге асуы керек, яғни мұғалім қалай оқыту, неге олай оқыту керек деген білім бірліктілігін білуі тиіс.

Ағылшын тілін үйретудегі негізгі әдістемелік бағыттар

1. Ағылшын тілін оңайдан қиынға қарай оқытуға бағытталған.

2. Тілдік материалдар қазіргі өмір шындығынан алынған және оқу процесінде әбден шындалып, өңделген тілдік материалдар. Сондықтан бұл материалдан күнделікті тіршіліктегі жағдаяттарда қолданылатын ағылшын тілін үйренуге болады.

3. Басты көңіл бөлетін нәрсе сөйлеу мен оқу. Оқушылар сөйлеу мен оқуды меңгергеннен кейін жазуды үйренеді.

Сөйлеу мен оқу әрекеттері арқылы дұрыс нәтижеге жеткен оқушы өз ортасында ағылшынша еркін сөйлеп, тілді қатынас құралы ретінде пайдалана білу үшін мынадай ұжымдық жұмыс, топпен жұмыс оқыту тәсілдерін қолданамын. Оқушының сөйлеу іскерлігін дамыту үшін мынадай: сұрақ – жауап талқысы, салыстыра отырып әңгімелесу, проблемалық сұрақтарды талдау, мәтін не әңгіме бойынша өз ойын ортаға салу, ой алмасу, шарт қою, диалог түрінде сөйлеудегі ойды көрсете білу, пайымдау, түйіндеу, дәлелдеу, ойындар арқылы сөйлеу, сұраққа жауап беру, қорытындылау, өз пікірін айту сияқты әдістерді қолдануға болады, ең тиімдісі сол тілдің өз өкілімен жұмыс жасау арқылы үйрету болар еді, бірақ ондай мүмкіндік жоқ десе де болады. Ең кем дегенде жазба дисктерден тыңдату қажет.

Оқу. Мәтін негізгі қарым – қатынас құралы. Мәтінді оқымас бұрын сұрақтар беріледі. Ол сұрақтар бойынша сол мәтіндегі мәселеге байланысты оқушы не біледі, не білмейді, соны анықтау үшін бір мақсат болса, екінші мақсат – өз білімі деңгейінде ойын айтқызып, мәтіндегі оқиға жайлы білуге ұмтылдыру, ынталандыру. Бұл жұмысты бүкіл топ болып немесе 3 – 4 оқушы бірігіп және жұптасып талқылауға болады. Мәтінді оқыған соң оқушы ұғымын тексеруге арналған жаттығуын сұрақтарын қою арқылы оқушылардың мәтіндегі мәселе бойынша өз ойын ортаға салып, пікірін айтуға, еркін сөйлеуге үйретіледі.

Оқушыны еркін сөйлеуге төселдіру үшін сөздерді қайталау, оларды еркін де дұрыс қолдана білуге үйрету, грамматикалық материалдарды, сөйлем құрылымын орынды қолдануға үйрету де басты назарда болу керек. Диалогты, әңгімелерді, мәтінді тыңдап, одан не түсінгенін анықтау үшін де әр түрлі әдіс – тәсілдерді қолдануға болады. Әдетте тыңдауға арналған мәтіндер оқылған тілдік материалға негізделіп құрылады. Оның ішінде 3 – 4% таныс емес лексикалық материалдар қосуға болады. Әңгімені алғашқы ретте тыңдауға жіберілген уақыт 1- 5 % минут көлемінде болуға тиіс. Тыңдалған әңгіме бойынша төмендегідей жұмыс түрлерін орындаймын: 1. Сұрақтар бойынша оқушыны тексеру 2. Кілт сөздерді анықтау, сөз тіркестерін жазу 3. Тыңдалған әңгімеге ат қою 4. Жоспар құру 5. Ауызша, қысқаша толық мәтіннің мазмұнын беру 6. Әңгіме кейіпкеріне немесе жағдаятқа мінездеме беру. Жазу – сөйлеуге үйренудің басты құралы болып табылады. Жазуды көбінесе грамматкалық жаттығуларды орындағанда, мәтін немесе тақырып туралы не айтқысы келгенін білдіру үшін қолдануға болады. Ал, шетел тілін оқытуда грамматиканы оқытудағы басты міндет – сол грамматикалық құбылыстарды сөз әрекетінің әр түрінде қолдана білу дағдыларын қалыптастырып, одан әрі дамыту. Ағылшын тілі грамматикасын өз ана тілінде зерттеп, аздап болса да онымен салыстыра отырып игеру, сол тілде тезірек және саналы түрде сөйлеп үйренуге қажетті шарттың бірі болып есептеледі. Сабақ – шығармашылық ізденіс дейміз. Күнделікті сабақ жоспарын жасаудың өзі көптеген ізденісті, терең білімді талап етеді. Сондықтан да мұғалім оқушыдан да бетер дайындалуы тиіс. Алдын ала жоспарланған сабақ қана өз нәтижесін береді.

Сабақ жүйелі, бір тізбекпен берілуі тиіс. Алдыңғы сабақпен кейінгі сабақта байланыс болуы тиіс. Сонымен қоса қазіргі кезде ең негізгі мәселелердің бірі болып оқушыларға тек қана ғылыми білімдер жүйесін беру ғана емес, оларды шынайы өмірде пайдалана білу болып табылады. Осыған байланысты сыныптан тыс өткізілетін іс – шаралардың оқушылар үшін маңызы зор деп ойлаймын. Бұл жұмыс мұғалімнің сабақ үстінде жүзеге асыратын тәжірибе жұмысын толықтыра және тереңдете отырып балалардың таланттары мен қабілеттерін толық ашудың, олардың белгілі бір нәрсеге қызығуын оятудың формасы болып табылады. Өзімнің іс тәжірибемде сыныптан тыс шараларды өткізген кезде интеллектуалды ойындар мен сайыс сабақтарын көп қолданамын, себебі бұл жұмыс формалары балаларды шапшаң шешім қабылдауға, ал топпен жұмыс балаларды ұйымшылдыққа тәрбиелейді. Интерактивті әдіс – тәсілдермен сабақ жүргізген кезде оқытушы – кеңесші рөлін атқаратыны белгілі, ал оқушылар белсенді түрде әрекет ете отырып, бірін – бірі толықтыру арқылы сөйлеуге үйренеді.

Осындай игі істер арқасында балалар өзін – өзі батыл, еркін сезінеді, үйреніп жатқан тілге деген қызығушылығы артады, шығармашылық пен жұмыс істеуге үйренеді. Сонымен қатар оқыту үрдісінде ақпараттық технологияны қолдану білім сапасын жақсартуға көмектеседі.

Сонымен бірге кейде қол жетпейтін көрнекіліктерді пайдалануға, білім мен мәліметтерді әр түрлі формада ұйымдастыруға, қажетті мақсатқа тез арада қол жеткізуге көмектесе алады. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының 8 – бап, 7 – тармағында: «Оқытудың жаңа технологияларын ендіру, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» міндеті қойылған. Сабақ барысында компьютерді қолданудың жақсы жақтары:

1. Түрлі – түсті иллюстрациялар, ұлттық музыка, анимациялар есте сақтау процесі үшін тиімді. 2. Тапсырмалар, кестелерді алдын-ала дайындап қоюда уақыт ұту. 5. Оқушымен жекелей жұмысты іске асырады. 6. Компьютер оқытудың аудио және бейне құралдардың мүмкіндіктерін табысты байланыстырады. Аудиоматериалдар сабақта мынадай мақсатта қолданылады: біріншіден, қажетті ақпаратты күшті әсерлілікпен жеткізеді; екіншіден, оқушының бақылаушылығы мен талдау дағдыларын жетілдіреді, үшіншіден, өз пікірін, ойын тұжырымдап айтуға үйретеді. Таспа арқылы тыңдалатын мәтін оқушының тілін дамытады.

Тіл үйренудегі тыңдау сөйлеумен тығыз байланысты. Оқушыға таспадан естігенін тілінде пайдалану қажеттігі туады. Таспадан тыңдалған мәтін бойынша сұрақ қою ең тиімді жол, өйткені оқушы сұраққа дұрыс жауап беру үшін мәтінді ынтамен тыңдап, мәнін түсінуге тырысады. Осы арқылы өз жұмысында компьютерді қолданған мұғалім өзінің өткізетін сабағының сапасын арттырып, оқушылардың танымдылық қызметін ұйымдастыруды белсенді түрде жүргізетініне тағы бір көз жеткіземіз.

Бұл жағдайда қазақ тілі пәні мұғалімінің міндеті оқушыларға әр түрлі жаттығуларды орындауда компьютер көмегі мен мүмкіндігін көрсету, өз бетімен компьютерді қолдануды және белгілі бір үлгідегі жаттығулар жиынтығын игеруде арнаулы қолданбалы пакеттерді пайдалануды үйрету болып табылады.

Сол сияқты ағылшын тілін игеру барысында білімнің, дағдының маңыздылығын, ал компьютер тек қолдану барысындағы көрнекі құрал екенін оқушылар санасына жеткізе білу де басты мақсаттың бірі болуы қажет.

Халқымыздың рухани көсемі А.Байтұрсынов «Мұғалім әдісті көп білуге тырысу керек. Оларды өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдануы керек» дегендей, өзім де ұйымдастыруда нәтижелі болатын әдістерді сұрыптап пайдаланамын. Озық тәжірибелермен танысып, пән мұғалімдерімен тәжірибе алмасуға тырысамын.

Өйткені, сабақтың тартымды өтуі, ұтымды тәсілдерді дұрыс қолдана білу бізден, яғни бүгінгі мұғалімнен ізденісті талап етеді.

Қорыта айтқанда, ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттар ағыны күшейген заманда ақыл – ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту мектептің басты міндеті болып тұр. Ол бүгінгі білім кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару мұғалімнің қажымас ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет.

Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді. Сабақтың қызықты әрі нәтижелі болуы алдын ала таңдап алынған әдіс-тәсілдерге байланысты

*Сөз тіркесі*



**ЕРЕЖЕПОВА ГУЛДАНА СЕРИККАНОВНА**

*Абай облысы Үржар ауданы Бестерек ауылы "Мектеп жанындағы интернаты бар Мешітбай Хасенов атындағы Бестерек орта мектеп-бақшасы" КММ. Бастауыш сынып мұғалімі*


Бөлім:	<b>Құндылықтар</b>	
Мұғалімнің аты-жөні	Ережепова Гулдана Сериккановна	
Күні:		
Сынып:4	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	<b>Сөз тіркесі</b>	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	4.3.3.1* оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша жоспар құрып мазмұндама/тірек сөздерді пайдаланып эссе жазу	
Сабақтың мақсаты	<ul style="list-style-type: none"> <li>• берілген тақырып бойынша әңгімелеу, сипаттау элементтері бар мәтін құрап жазады;</li> <li>• сөйлемнен сөз тіркесін бөліп алады.</li> </ul>	

**Сабақтың барысы**

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру, өзін – өзі тексеру Өткен білімді еске түсіру 5 мин	<p><b>Ынтымақтастық атмосферасын және өздеріне сенімділік қалыптастыру «Ізгі тілек» әдісімен жүреді.</b></p> <p>1. «Санау»әдісімен топқа бөліп отырғызу.</p> <p>- Саналу ретіне қарай топқа бірігіп отыра қалындар. Топқа ат қойындар.</p> <p>- Топ басшысын сайлап, топ ережесін еске түсіріндер.</p> <p><b>Өткен тақырыпқа шолу:</b></p> <p>А) Үйге берілген тапсырманы тексеру.</p> <p>- Өткен сабақта не үйрендіңдер?</p> <p>- Олай болса, бүгінгі сабақта да сөз тіркесін анықтауға арналған</p>	<p>Шеңберде тұрып бір-біріне тілек айтады.</p> <p>Саналады.</p> <p>Топқа бірігеді.</p> <p>Топ басшысын сайлайды.</p> <p>Топ ережесін еске түсіреді.</p> <p>Тапсырма тексертеді.</p>	<p>«Ауызша мадақтау» әдісі:</p> <p>Оқушылар жауабын толықтырып, әр қайсысына</p>	

	тапсырмалар орындауды жалғастыратын боламыз. Сабақ мақсатын хабарлау.	Тақырыпты, сабақ мақсатын анықтайды.	тиімді кері байланыс беріп отыру.	
Жаңа білім 10 мин	<p>Жаңа сабақ <b>(Ұ, Д) 1-тапсырма -«Өзіндік жұмыс» әдісі.</b> <b>48-жаттығу.</b> Сөз бен сөз тіркесін салыстырып көріңдер. Олар бір-бірімен қалай ажыратылатынын айтыңдар. <i>Үй-кең үй; бару-жайлауға бару; өшіргіш-өшіргіштен өшіру; пәтер-екінші пәтер.</i></p> <p><b>49-жаттығу.</b> Әр қатарды өзіне ұқсас сөз тіркестерімен толықтырып жазыңдар. 1. Мектептің ауласы, үйдің ауласы. 2. Терең көл, терең өзен. 3. Екі ешкі, бес ешкі. 4. Ақыл айт, ақыл қос. 6. Тез оқы, жылдам оқы. Сөз тіркестерінің екінші сыңарлары қай сөз таптарынан жасалған? <b>Саралаудың «Қарқын» тәсілі</b> жүзеге асады. <b>Қарқыны жоғары оқушыға:</b> - Сөз тіркестеріне мысалдар келтір.</p>	Дәптермен жұмыс жасайды.	<b>Дескриптор:</b> Сөз бен сөз тіркесін салыстырады, ажыратып айтады-1балл;	Қазақ тілі 4 сынып оқулығы 1-бөлім 
2 мин	<p><b>Саралаудың «Қарқын» тәсілі</b> жүзеге асады. <b>Қарқыны жоғары оқушыға:</b> - Сөз тіркестеріне мысалдар келтір.</p>	Ән айтып сергиді.	Әр қатарды өзіне ұқсас сөз тіркестерімен толықтырып жазады-1балл; Сөз тіркестерінің екінші сыңарлары қай сөз таптарынан жасалғандығын анықтайды-1балл.	
10 мин	<p><b>Сергіту сәті:«Көңілді күн» әні.</b></p> <p><b>(Ж) 2-тапсырма - «Ойлан, жұптас, талқыла» әдісі.</b> <b>50-жаттығу.</b> Сызбаға қарап, сөз тіркестері туралы қорытынды жасандар.</p> <p>30. Сызбаға қарап, сөз тіркестері туралы қорытынды жаз.</p>  <p><b>51-жаттығу.</b> Өлеңді көшіріп жазып, сөз тіркестерін жазыңдар.</p>	Тапсырманы топта орындайды.	<b>Дескриптор:</b> - Сызбаға қарап, сөз тіркестері туралы қорытынды жасайды-2балл.	



<p>13 мин</p>	<p>31. Өлеңді өлеңің жазып, сөз тіркестерін тап. Бесікті жеткі сатпайды, «Бабалар рухы» сыйады», – деп, Шаңырақты отқа жаждайды, «Көңілің» ұрады», – деп. <i>Ели Құмарұлы</i></p> <p>• Өлең жазардың тоқта талғамсыздар.</p> <p><b>Саралаудың «Қарқын» тәсілі</b> жүзеге асады. <b>Қарқыны жоғары оқушыға:</b> -Дереккөзден сөз тіркесі туралы тауып, достарыңа әңгімеле.</p> <p><b>(Т) 3-тапсырма - «Бізде бір ой бар...» әдісі.</b> <b>53-жаттығу.</b> <b>Шығармашылық үзіліс</b></p> <p>32. «Көңілің айту» ойыны. Ойының маңызы: екі бала бір-бірін көзбені, мінезі туралы білсе бағалықтар туралы сөз тіркесті көрсетіп айтып, достық бір-біріне жасайды. Мұндағы, тез айтып оқушы көңіліне айналады.</p> 	<p>Берілген тапсырманы орындайды. Пікірін дәлелдейді.</p>	<p>- Өлеңді көшіріп жазып, сөз тіркестерін жазыңдар. -2балл.</p> <p><b>Дескриптор:</b> Ойында сөз тіркестерін кезекпен айтады-3балл.</p>	
<p>Қорытынды 5 мин</p>	<p><b>Кері байланыс - «Желпуіш» әдісі.</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Шарты: А-4 түрлі түсті парақтан әр топ бір желпуіш жасап, әрбір бөлігіне кезекпен сабақтан алған білімдерің жайлы пікірлерін жазыңдар.</li> <li>- Бүгінгі сабақтан алған білімдеріңді бағалаңдар. Оқушыларға ҚБ қояды.</li> </ul> <p><b>Үй тапсырмасы:</b> 52-жаттығу.</p>	<p>Өзінің сабақтағы жұмысын бағалап, пікірін жазады. Күнделікке тапсырма жазып алады.</p>	<p>ҚБ қойылады.</p>	

## МАЗМҰНЫ

- *АБДИКАДИРОВ ЕЛУБАЙ БИЖУМАЕВИЧ*
- *КАЙЫРБЕКОВА МЕРУЕРТ КАЗЫБЕКОВНА*
- *КАЛИЕВА АРМАН ТОХАНОВНА*
- *ЕРЕЖЕПОВА ГУЛДАНА СЕРИККАНОВНА*